

**Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 17/215-IV "Оңтүстік Қазақстан облысының (Оңтүстік Қазақстан облысының қаласының, ауданының) Құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 26 маусымдағы № 14/123-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 шілдеде № 2344 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 тамыздағы № 29/315-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 28.08.2018 № 29/315-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 17/215-IV "Оңтүстік Қазақстан облысының (Оңтүстік Қазақстан облысының қаласының, ауданының) Құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010-нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 19 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында "ережесін" деген сөз "қағидасын" деген сөзбен ауыстырылсын;  
1-тармақта "Ережесі" деген сөз "Қағидасы" деген сөзбен ауыстырылсын;  
көрсетілген шешіммен бекітілген "Оңтүстік Қазақстан облысының (Оңтүстік Қазақстан облысының қаласының, ауданының) Құрметті азаматы" атағын беру ережесінде:

тақырыбында "Ережесі" деген сөз "Қағидасы" деген сөзбен ауыстырылсын;  
1-тармағында "ережесінің жобасы" деген сөздер "қағидасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Д.Ахметов  
Қ.Ержан*

